



ТАРИФТИ КӨТЕРГЕНДЕ НЕГЕ ТҮРҒЫНДАР КЕЛІСІМІ СҰРАЛМАЙДЫ?

2025 жылдың қыркүйегінен бастап тұрғын үй қатынастарына байланысты үш заңға түзету енгізіледі. Бұлар – «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексі және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша ҚР заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы. Сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы.

Жаңа заңнамалық түзетулерге сәйкес, пәтері бар барлық отбасының қаржылық шығындары артады. Себебі қабылданған заңдар тұрғын үйді басқарумен айналысатын ПИК/КСК, МИБ/ОСИ және басқарушы компаниялардың тарифтерін айлық есептік көрсеткішке (АЕК) бекітті. Соның нәтижесінде түбіртектің «Эксплуатациялық шығыстар», «ОДН», «Үйді күтіп-ұстау шығыстары» деген бағаларда көрсетілетін сома жыл сайын АЕК-тің өсуіне қарай автоматты түрде көтеріліп отырады. Бұл өз кезегінде пәтер иелерінің қалтасына қосымша жүк салмақ. Ол тарифтерді көтеру үшін енді тұрғындардың келісімі талап етілмейді. Ең сорақысы, аталған тарифтерді мүлік иелері бірлестігінің (МИБ/ОСИ) төрағасы, басқарушы компания немесе жергілікті мәслихат өз қалауы бойынша қосымша арттыра алады. Сарапшылардың пікірінше, бұл реформа пәтер иелерінің жағдайын одан сайын ауырлатып, «жылататын» деңгейге жеткізуі мүмкін. Сонымен қатар жаңа заңға сәйкес, бір тұрғын үй кешенінде бірнеше МИБ (ОСИ) құруға тыйым салынады. Бұдан былай МИБ төрағасының өкілеттік мерзімі бұрынғы бір жылдан үш жылға дейін ұзартылды.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕЛДЕГІ ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ – 85 МЫҢ ТЕҢГЕ



Елімізде ең төменгі жалақының көлемі аз. Халықаралық еңбек ұйымының ұсынысы бойынша оның мөлшері халықтың нақты тұтынушылық шығындарын жабатындай, яғни, медиандық жалақының кемінде 50 пайызына тең болу керек. Нақтырақ айтқанда кемінде 150 мың теңгеге жетуі тиіс.

АЙМАҚ

ТУРИЗМ САЛАСЫ: ТҮРЛЕНГЕН ТӨЛЕБИ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің табиғаты ерекше, шұрайлы өңірлерінде туризмді түрлендіру арқылы ел экономикасының дамуына ықпал етуді үнемі айтып келеді. Бұл ретте туризмді сарапшылар экономиканың негізгі драйверіне айналатын әлеуеті зор салалардың қатарына қосады.

Туризм – ел дамуының драйвері

Расында, туристік қызметтерді ұсынудан әлемнің көптеген елдері миллиардтаған табыс түсіріп отыр. Қазақстан да көштен қалмай, туристік саладағы әлеуетін барынша пайда-

лануы тиіс. Әлемдік рейтингте туризмнің даму деңгейі жөніндегі Қазақстанның позициясы бұрынғыға қарағанда күшейгенін байқаймыз. Айталық, осыдан алты жыл бұрын 80-орында тұрған Қазақстан былтыр 52-орынға дейін көтерілді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек 2025 жылдың алғашқы үш айында елдің курорттарына 883 349 адам барған. Сарапшылардың есебі бойынша, орта есеппен бір шетелдік турист күніне 100 доллар жұмсайды екен. Мұндай кірістің баламасын табу үшін, әлемдік нарыққа шамамен 9 тонна тас көмір немесе 15 тонна мұнай немесе 2 тонна жоғары сұрыпты астық шығару керек. Сонымен қатар, шикізатты сату елдің энергия көздерін сарқыса, ал туристік индустрия

қалпына келетін ресурстармен жұмыс істейді. Яғни бос уақытын өткізетін әрбір турист сол елге қаншама ақшасын шашады. Туризм бұл қалтадағы ақшаны айналымға қиындықсыз түсірудің жолы деуге болады.

(Жалғасы 5-бетте)



2-бет



«Барлық реформаның өзегі – адам»

4-бет



Салықтық берешектің шекті мөлшері белгілі

8-бет



Қармақшы

ЖОЛДАУ – ЖОЛ БАСШЫМЫЗ

«БАРЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ ӨЗЕГІ – АДАМ»

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына жаңа жолдауын жариялады. Осы орайда Президент Парламенттің ауқымды реформаларға қосқан үлесі үшін өз ризашылығын білдірді. Сондай-ақ депутаттардың қоғамға қажетті заңдарды қабылдап жатқанын да тілге тиек етті. Мемлекет басшысының арнайы назар аударып, жұмысымызға жоғары баға беруі заң шығару ісінде қарқынымызды одан ары арттыруға құлшындыра түседі деп ойлаймын.

Биылғы жолдаудың салмағы да, ауқымы да бөлек болды. Президент маңызды бастамалар көтерді. Соның ішінде келесі мәселелерге тоқталып өткім келеді.

Бірінші. Жаппай цифрландыру мен барлық салада жасанды интеллектті қолдану идеясы осы жолғы жолдаудың өзегіне айналғанын атап өткен жөн. Президент стратегиялық мақсат қойып отыр. Ол – Қазақстанды үш жыл ішінде цифрлық мемлекетке айналдыру. Осы орайда саланы реттеу үшін нақты заңнамалық тетіктер қажет. Бұл ретте, Цифрлық кодекс пен «Жасанды интеллект туралы» заң ерекше рөл атқаруға тиіс. Қазір олар бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Екінші. Жылдам өзгеріп жатқан технологиялар мен жаңа экономикалық жағдайда Мемлекет басшысы алдымызға банктер туралы заңнаманы жаңарту міндетін қойды. Бүгін біз банктер және банктік қызмет туралы заң жобасын жұмысқа аламыз. Қолданыстағы заңға отыз жыл толды. Сондықтан ол жаңартуды қажет етіп отыр. Жаңа заң қаржы секторын икемді әрі инновацияларға ашық ете түсуі керек. Финтех – компанияларды қолдаумен қатар, қарапайым азаматтардың мүддесін



Ерлан ҚОШАНОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы

қамтамасыз етуге де жол ашады. Жұмыс тобы барлық мүдделі тараптардың пікірін тыңдап, жан-жақты талқылағаны жөн. Жалпы, бұл заңды да жыл соңына дейін қабылдауға тиіспіз.

Үшінші. Alatau City қаласы үшін құқықтық негіз қалыптастыру. Бұл

қадам – технологиялық бағыттағы бастамалардың заңды жалғасы. Президент оған еліміздің болашақ іскерлік және инновация орталығы ретінде ерекше мән беріп отыр. Ол өңірдегі ең алғашқы толыққанды цифрлық қалаға айналмақ. Осы бастаманы іске асыру үшін қаланың арнайы мәртебесі туралы жеке заң қабылдаймыз. Технологиялардың қанат жаюына ғана емес, адамдардың жайлы өміріне де жол ашатын қажетті құқықтық негіз жасау – біздің басты міндетіміз.

Төртінші. Цифрлық даму қарқын алып отырған қазіргі кезеңде біз киберқауіпсіздік мәселесіне де айрықша назар аударуға тиіспіз. Бұл мәселе осыған дейін де депутаттар тарапынан талай рет көтерілген болатын. Бірқатар норма қабылданды. Әйтсе де, жаңа сын-қатерлер арта түсуде. Сондықтан Президент осыған ерекше мән берді. Бізге алдын ала тиімді тетіктер ойластырып, жаңа заңнамалық ұсыныстар дайындау қажет.

Бесінші. Мемлекет басшысы Еуразиялық сауда-саттық аясында отандық өнім өндірушілердің құқықтарын қорғау жөнінде нақты міндет қойды. Ол заңнамалық бастамалар арқылы шешімін табуы керек.

Алтыншы. Жер мәселелерін ретке келтіру бойынша «Жер аманаты» комиссиясы үлкен жұмыс атқаруда. Оған депутаттар да белсене атсалысып жүр. Жалпы көлемі 13,5 млн гектар ауыл шаруашылығы жері мемлекетке қайтарылды. Президент айтқандай, сол жерлер бос қалмай, тұрақты айналымға енгізіліп, ел игілігіне қызмет етуге тиіс. Бұл

қадам ауыл шаруашылығының дамуына серпін беріп, инвестиция тартуға жол ашады. Сонымен бірге жайылым мәселесін шешіп, ауыл тұрғындарын қолдауға мүмкіндік берді.

Жетінші. Тағы бір маңызды міндет – жыл соңына дейін Құрылыс кодексін қабылдау. Заң жобасы кеңінен талқыланды. Аспекттердің барлығы Құрылыс кодексінің жобасында ескерілуге тиіс.

Жалпы, бұл жолғы жолдау Президентіміздің «барлық реформаның өзегі – адам» деген басты қағидаты үздіксіз ұстанып келе жатқанын тағы да дәлелдеді. Елімізде атқарылып жатқан игі істердің барлығы халық үшін және халықпен бірге жасалып жатыр. Бұл – Мемлекет басшысының берік ұстанымы. Осы ретте, жолдауда еліміз үшін тағы бір маңызды реформаны қолға алу ұсынылды. Ол – Парламенттік реформа. Яғни, болашақта бір палаталы Парламент жүйесіне көшу. Мұны да халықпен бірге талқылап шешу қажет деді. Мемлекетіміздің болашағына қатысты тағдыршешті мәселенің бәрі халықтың талқысына салынып, шешім қабылдауды халықтың өзіне беру – Президентке тән ашық басқару стилі. Бұл азаматтардың пікірін құрметтеу және жаңа саяси мәдениет қалыптасқанын көрсетеді.

Президент жүктеген міндеттерді іске асыру үшін әр депутаттың, әр фракцияның табанды еңбегі мен қажырлы қызметі қажет. Біз біртұтас депутаттық корпус ретінде жолдауда жариялаған барлық бастамалардың сапалы орындалуын қамтамасыз ете алатынымызға сенімдімін.

САРАП

Тұрғын үйге қатысты даулардың жария құқықтық қатынастардан туындайтын даулар қатарына жататыны белгілі. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізілген сәттен бастап азаматтардың тұрғын үй қатынастары саласындағы бұзылған құқықтарын қорғау бойынша жиі арызданатыны байқалады. Соған орай тұрғын үй даулары әр өңірдегі мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарда ең көп қаралатын істердің бірі саналады.

Талап арыздар санының артуына бірнеше себеп бар. Соның ішінде өтініш берушілер, әсіресе халықтың әлеуметтік осал топтары, мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері сотқа тұрғын үй алуға кезегін қалпына келтіру бойынша жиі жүгінеді. Сондай-ақ тұрғын үй жалдау шартын заңдастырудан бас тарту жөніндегі шешімнің, ипотечалық кредиттер бойынша міндеттемелері бар әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тұрғын үй төлемдерін ұстағанда комиссиясының тұрғын үй төлемдерін беруден бас тартуына дау айтып, соттан әділдік күтетіндер саны көп. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сүйенген азаматтардың талабы көп жағдайда қанағаттандырылатынын айта кеткен жөн.

Сөзіміз жалаң болмауы үшін сот тәжірибесінен мысал келтірген артық болмас. Айталық Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына Р.Г. деген азаматша жүгінді. Талап қоюшы 2012 жылы «Толық емес отбасы» санаты бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу кезегіне тіркелген. Сол тұстағы кезектілік саны – 2746 болған. Алайда араға үш салып азаматша Ақтөбе облысына қоныс аударады. Соған байланысты бөлім бастығының бұйрығымен талап қоюшы тұрғын үй кезегінен алынып тасалады. Бұдан әріне Р.Г.-ның хабары болмаған. 2024 жылы талап қоюшы Қызылорда облысына қайта қоныс аударады. Тұрғын үй кезектілігін білу мақсатында бөлімге жүгінген ол «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 67-бабы 1-тармағының және 73-бабы 1-тармағы 2-тармақшасының талабына сәйкес кезектен шығарылуы білген.

Осы жағдайдан кейін сотқа жүгінген әйел жалғыз басты ана екенін, Қызылорда облысында жұмыс болмаған соң Ақтөбеде уақытша жұмыс істегенін, қазір туған жеріне қайта келіп, өгей әкесінің үйіне тіркелгенін,

ТҰРҒЫН ҮЙ ДАУЛАРЫН ҚАРАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ



Р.Г.-ны тұрғын үйге мұқтаждар кезегінен негізсіз шығарған. Ел Конституциясының 25-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекет халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз тобын тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті. Ал мұндай қолдау шарасы азаматтардың Қазақстан аумағында тұрғылықты жерін өзгерткеніне қара-

мастан орындалуы керек. Осылайша ӘРПК-нің 156-бабының 1-бөлігі бойынша талап қоюшының әкімшілік актіге дау айту туралы талап қоюын негізді деп санаған сот Р.Г.-ның талабын қанағаттандырып, басқарманың талап қоюшыны тұрғын үйге мұқтаждар кезегінен шығару туралы бұйрығын заңсыз деп танып, күшін жоюды, азаматшаның кезегін қалпына келтіруді міндеттеді.

Міне, бұл сот арқылы әділдікке қолы жетіп, тұрғын үйге қатысты дауын заңды тұрғыда реттеген талап-арыздың бір мысалы ғана. Жалпы сот тәжірибесі көрсеткендей тұрғын үй даулары бойынша талап-арыздың көптігіне әрі олардың қанағаттандырылуына жергілікті атқарушы органдар мен тұрғын үй комиссиясының азаматтар өтінішін үстірт қарауы, заңды жеткілікті білмеуі түрткі болып жатады. Сондай-ақ лауазымды адамдардың өз міндетін талапқа сай орындамауы, әкімшілік рәсімді жүргізу тәртібін бұзуы, өтініштерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға салғырт қарауы да даулардың артуына ықпал етеді. Мұндай сапасыз қызмет ӘРПК-де көзделген әкімшілік рәсімдердің қағидаттарына сәйкес келмейді, сәйкесінше заң талаптарын бұзу мемлекеттік органдар қабылдаған әкімшілік актілердің күшін жоюға әкеп соғады.

Осындай даулардың алдын алып, азаматтар мемлекеттік органдардың негізсіз әрекетінен зардап шекпеуі үшін тұрғын үй даулары бойынша заңнама нормаларын түсіндіріп, осы санаттағы істер бойынша қалыптасқан сот практикасын мүдделі органдарға үнемі көрсетіп, таныстырып отыру аса өзекті.

А.САРСЕНБАЕВ,
Қызылорда облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

ӨНЕГЕ

«ҚАРАМОЛА ЕРЕЖЕСІ» – АБАЙДЫҢ ЗАҢДЫҚ ІЗДЕНІСІНІҢ ЖЕМІСІ

«Өз елін, өз ерлерін ескерме-герді, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді», – деп Алаш ардақтысы Ілияс Жансүгіров әділін айтқан. Расында, елдің алдында жүрген даналарды, озық ойлы, ерекше дарынды тұлғаларды дәріптеп, еңбегін бағалаудың мәні де, маңызы да зор. Себебі, халық осындай зиялы, талантты, дарынды жан-дарға қарап бой түзейді, ой қорытады. Көпке өнеге, халыққа үлгі болған ұлт зиялыларының тізбегін Абай Құнанбаевтай дара тұлғаның бастап тұрғаны талассыз. Биыл қазақ өлеңінің атасы саналатын Абайдың тойын қазақ даласы ғана емес, әлем атап өтуде.

Абай Құнанбаевтың ақын екені, философ, қара сөздің шебері екені, әділ би, елінің жанашыры екені үнемі айтылып, жазылып жүр. Көпшілік ұлы ақынның әділ төрелік жасағанын, тура жолдан таймаған би болғанын да жақсы білсе керек. Алайда, өлең сөздің патшасы атанған ақынның қазақы заңдардан да хабары болып, кезінде Қарамола ережесін өз қолымен жазып шыққанын біреу білсе, біреу біле бермейді.

Бұл құжатты қабылдаудың өзіндік терең тарихы бар. 1885 жылы Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде съезд өтіп, осы ортаға жиналған жақсы мен жайсаң ел арасындағы қарым-қатынасты құқықтық тұрғыдан реттеу үшін арнайы заң қабылдаудың уақыты келгенін айтады. Семей облысының әскери губернаторы Цеклинскийдің ұсынысы бойынша съезге қатысқан 100-ден астам би Семей уезі Шыңғыс болысының өкілі ретінде келген Абай Құнанбаевты осы төтенше съездің төрағасы – төбе биі етіп сайлады. Әрі орыс заңдары мен қазақтың дала заңдарын терең зерделеп, толыққанды сараптаған Абайға маңызды құжатты дайындау міндеті жүктелді. Өзіне жүктелген бұл жауапты жұмысты Абайдың қаншалықты тыңғылықты, сауатты дайындағанына өз заманы да, тарих та куә.

Абайдың «Қарамола ережесі» қазақ еліндегі алғаш баспа жүзін көрген праволық құжат екенін ескеруіміз керек. Ереже қазақ тілінде жазылып, орыс тіліне аударылған. Жетпіс төрт баптан тұратын бұл ережеде патша өкіметі енгізген нормалар ескеріле отырып, қазақ әдет-ғұрып құқығының негізгі салалары мүмкіндігінше қамтылған. Соның ішінде сол заманда өзекті деп танылған құн дауы, жесір дауы, мал дауы, мүлік дауы, әмеңгерлік, мұрагерлік, дауларды шешу, үкім шығару және сот жүргізу тәртібінің ережелері назардан тыс қалмаған.

Ереженің мазмұнымен танысқанда Абайдың соншалықты білімді, ел жағдайына ерекше қанық, барлық саладан жан-жақты хабары бар, айрықша сауатты тұлға болғанын аңғару қиын емес. Содан болар, «Қарамола ережесіндегі» құқықтық нормалардың қазіргі күні де маңызы үлкен.

Міне, сондықтан да Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойы шеңберінде судьялар ақын өлеңдерін жатқа айтудан челлендж ұйымдастырып, ұлы ақынның би-шешендік қырын дәріптеуге көңіл бөліп отыр. Сонымен бірге, Абайдың «Қарамола ережесін» жазғандағы еңбегін көрсетіп, қазақтың дала заңының ерекшеліктерін дәл айқындаған кемеңгерлігін насихаттау да кезек күттірмейді.

Эльмира АЛДАБЕРГЕНОВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
сотының төрағасы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ



БАСПАНА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл шешім тұрғындардың басқарушы органды жиі ауыстыру мүмкіндігін шектейді. Құрылыс компаниясы, оның сервистік ұйымы және басқа басқару органдары тұрғын үй заңнамасына сәйкес көзделген құжаттарды тұрғындарға ұсынудан бас тартса, ол үшін жаза енгізілді. Өнеркәсіп және құрылыс министрінің орынбасары Қуандық Қажкеновтің мәліметінше, ол жауапкершілік Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне қарастырылды.

– Тұрғындарға есеп бермегені, үйге қажетті құжаттарды ұсынудан бас тартқаны үшін айыппұл енгізілді. Бұрын алдымен ескерту жасалып, содан соң ғана айыппұл салынатын. Енді бірден 50 АЕК айыппұл болады. Бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, айыппұл 100 АЕК-ке дейін өседі. Бұдан бөлек, құрылыс компанияларының инженерлік құжаттама мен есептілікті ұсынбағаны, сондай-ақ жүргізілген аудиттер мен ревизиялар туралы ақпаратты жалпы жиында дер кезінде ұсынбағаны үшін тиісті айыппұл қарастырылды. Бірінші кезекте 50 АЕК айыппұл көзделген, қайталанған жағдайда айыппұл 100 АЕК-ке дейін артады, – деді вице-министр Қажкенов.

2019 жылғы тұрғын үй қорын басқару жүйесінің реформасына сәйкес, Қазақстанда ПИК/КСК түріндегі басқару формасы жойылды. Негізгі себеп – шығындардың ашық болмауы, қызметтер сапасының төмендігі және үйді басқарудың үстірт, формальды тәсілдері. Елде

бұған дейін қаптап құрылған пәтер иелері кооперативтерін жойып, олардың орнында МИБ (мүлік иелерінің бірлестігі) жаппай құрылуға тиіс болатын. ПИК-терді тарату үшін өтпелі кезең белгіленді, ол 2022



Жаңа заңнамалық пакетке сәйкес, Қазақстанда енді кондоминиумды басқарудың 2 түрі ғана қалады, бұлар – мүлік иелерін біріктіру (МИБ, мүлік иелерінің бірлестігі) және тікелей бірлескен басқару. Мұның алдында осыларға қоса пәтер саны 36-дан аспайтын екі-үш қабатты үйлер үшін «жай серіктестіктер» деген формасы қарастырылған, ол нысан жойылды. Ондай шағын үйлерді тұрғындар МИБ сияқты ешқандай заңды тұлға құрмай, жеке шот ашпай, өзара келісіп басқара алады.

жылғы 1 шілдеде аяқталды. Шенеуніктердің осы кооперативтерді құрту ниеті жүзеге аспады, реформа жарға жығылып, жанжалдан көз ашпады.

Сондықтан Мәжіліс депутаттары 6 жыл ішінде институт ретінде жойылмаған пәтер иелері кооперативтерін қайта заңдастырып, олардың қызметінің ашықтығына қойылатын жаңа талаптарды енгізді. Осылайша, ПИК-тер жеңіске жеткенін айтуға болады. Жаңа заңнамалық пакетке сәйкес, Қазақстанда енді кондоминиумды басқарудың 2

түрі ғана қалады, бұлар – мүлік иелерін біріктіру (МИБ, мүлік иелерінің

бірлестігі) және тікелей бірлескен басқару. Мұның алдында осыларға қоса пәтер саны 36-дан аспайтын екі-үш қабатты үйлер үшін «жай серіктестіктер» деген формасы қарастырылған, ол нысан жойылды. Ондай шағын үйлерді тұрғындар МИБ сияқты ешқандай заңды тұлға құрмай, жеке шот ашпай, өзара келісіп басқара алады.

ПИК-тер де кәсіби басқарушы немесе басқарушы компаниялар сияқты өз қызметін тұрғын үйлерге ұсынады, жарнамалайды. Сәйкесінше, бұдан былай 1 ПИК бірнеше тұрғын үйге қызмет көрсете алады. Осылай табыс табатынына қарамастан, депутаттар пәтер иелері кооперативтерін кондоминиум объектісін басқару жөніндегі қызмет шеңберінде алым-салық төлеуден босатты. Сондықтан олар енді жаңа заң бойынша коммерциялық емес ұйым ретінде қайтадан тіркеуден өтулері тиіс. ПИК-терге тек 2 талап қойылады: біріншісі, басқару нысанына байланысты шарт немесе жиналыс хаттамасының негізін-

де жұмыс істеу. Қарапайым тілге аударғанда, бұл кооперативтерге көппәтерлі тұрғын үйлерге қызмет көрсету үшін пәтер иелері жиналыстарының оң шешімін алу қажет болады. Екіншісі, талап бұрынғыдай бірнеше үйге біреу емес, әрбір тұрғын үйге банкте жеке-жеке шот ашу, есебін ашық жүргізу.

– Заң құрылыс салушылардың тұрғындарға таңатын басқарушы компаниясының қызмет көрсету мерзімін қазіргі 6 айдан 2 жылға дейін, үш еседен астамға ұлғайтты. Яғни, заң бойынша сервистік компаниялар тұрғын үй берілгенге дейін жұмыс істейді және ТК қолданысқа тапсырылған күннен бастап тағы 2 жыл қызмет көрсетеді. Бұл қоғам мен сарапшылар тарапынан наразылық пен сұрақтар туғызды. Өйткені ірі құрылыс алпауыттары тұрғын үй кешеніне қатысты монополисын көбіне теріс пайдаланады. Оның басқарушы компаниясы тұрғындарға негізсіз жоғары тариф бекітеді, шығыстары туралы есеп бермейді, шағымдарға жауап бермейді. Заңды әзірлеушілердің бұлайша ұзартуы дұрыс болмады, – деді Парламент депутаты Сергей Пономарев.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

САЛЫҚТЫҚ БЕРЕШЕКТІҢ ШЕКТІ МӨЛШЕРІ БЕЛГІЛІ

Қаржы министрлігі салықтық берешектің шекті мөлшерін ұсынды. Ведомство «Салықтық берешегінің шекті мөлшерін айқындау туралы» Қаржы министрі бұйрығының жобасын әзірледі. Оған сәйкес, берешегі 20 АЕК-тен (2026 жылдың АЕК мөлшері әзірге бекітілген жоқ, ал, 2025 жылғы АЕК бойынша 78 640 теңгеден) асып кеткен жеке тұлғалар мен кәсіпкерлердің есепшоттары бұғатталады. Министрліктің түсіндіруінше, Қазақстанның жаңа Салық кодексіне іске асыру мақсатында енді салықтық берешектің шекті мөлшері айқындалады.

«Ол асып кеткен кезде салық органы салық төлеушіге салықтық міндеттемесін қамтамасыз ету тәсілдерін және салықтық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады. Ал, салықтық берешегі аталған шекті мөлшерінен аспаған салық төлеушілерге мәжбүрлеп өндіріп алудың тәсілдері мен шаралары қолданылмайды. Оларға тек салықтық берешегінің бар екендігі туралы хабарлама жіберіледі және өсімпұл есептеледі», – деп хабарлады ведомство.

Егер салық төлеуші мемлекеттік бюджет алдындағы берешегін уақытылы өтемесе, күн сайын үстемеленетін өсімпұл ақыры қарыз көлемін 20 айлық есептік көрсеткіштен асырады. Осы межеден кейін құзырлы органдар азаматтың немесе компанияның банк шоттары мен карталарын бұғаттап, дүние-мүлкін тәркілеуге құқылы. Мүлік аукцион арқылы жедел сатылып немесе берешек жеке сот орындаушыларына жолданып, қарызды өндірудің амалдары қолданылмақ. Алайда 20 АЕК-тен асқан қарыз шегі барлық салық төлеушілерге бірдей қолданылмайды. Бұл талап тек компанияларға, жеке кәсіпкерлерге, нотариустарға, сот орындаушыларына, адвокаттарға, кәсіби медиаторларға және өзге де осы санаттағы тұлғаларға қатысты. Мұндай шектеу жаңа Салық кодексінің 5-ба-

бының 4-тармақшасында айқындалған.

Оған сәйкес, салықтық берешектің шекті мөлшері – уәкілетті орган айқындаған салықтық берешектің мөлшері, ол асып кеткен кезде салық органы салық төлеуші заңды тұлғаға, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесіне, қызметін Қазақстанда тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидентке, дара кәсіпкерге, жеке практикамен айналысатын адамға салықтық міндеттемені қамтамасыз ету тәсілін, салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шарасын қолданады.

Қаржы министрлігі салықтық берешек көлеміне байланысты қолданылатын шараларды жария етті. Біріншіден, заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстанда тұрақты мекеме арқылы қызмет атқаратын бейрезиденттің, жеке кәсіпкердің немесе жеке практикамен айналысатын азаматтың қарызы 20 АЕК-тен (2025 жылы – 78 640 теңге) асқан жағдайда, Салық кодексінің 86-бабына сәйкес, салық төлеушінің

дебиторларының шотынан өндіріп алынады. Бұл жетпесе, салық төлеушінің меншігіндегі шектеу қойылған мүлікті сату арқылы өтеледі. Онысы да аз болса, жаңа Салық кодексінің 188-бабында көзделгендей, компанияның жария акцияларын мәжбүр-

сондай-ақ жеке кәсіпкердің, жеке тәжірибемен айналысатын тұлғаның Қазақстаннан сыртқа шығуына уақытша шектеу қойылады және оны орындау шаралары қабылданады. Қаржы министрінің бұл жаңа бұйрығы тек мемлекеттің мүддесін қорғайды, бұл

салық төлеушілер мен мемлекеттік кірістер органдары арасындағы сенім дәрежесін арттырудан, сондай-ақ салық төлеушілерді Мемкірістер комитеті тарапынан мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданбай, салықтық берешегін өз бетінше, ерікті түрде өтеуге ынталандырудан үмітті.

Жалпы, Үкімет өзіне қарыз болып қалғандарды кешірмейді, күшке салып, өндіріп алады. Әлеуметтік төлемдер бойынша қарыз үшін шотты бұғаттау шегін қазіргі 1 теңгеден 6 АЕК-ке дейін көтеруді жоспарлады. Осы мақсатта

Қаржы министрлігі екінші құжатты – «Берешек сомасы туралы хабарламалардың және касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кірістер органы өкімдерінің нысандарын бекіту туралы» ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 341 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қаржы министрі бұйрығының жаңа жобасын дайындады.

– Осы жоба 6 еселенген айлық есептік көрсеткіштен астам мөлшерде берешекті өтемеген кезде әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті өндіріп алудың шекті мәнін айқындау мақсатында әзірленді.

Жаңа Салық кодексіне іске асыру мақсатында тәуекел дәрежесіне байланыстылықты қоспағанда, 6 АЕК-тен асқан берешекті өтемеген кезде әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті өндіріп алудың шекті мәнін айқындайды, – деп мәлімдеді Қаржы министрлігі.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



кассасы мен банктік шоттары бойынша шығыс операциялары уақытша тоқтатылады. Мұндай жағдайда қарыз оның банктік шотындағы қаражат есебінен өтеледі.

Екіншіден, аталған санаттардың берешегі 45 АЕК-тен (176 940 теңге) асып кеткенде, Салық кодексінің 87-бабына сәйкес, салық төлеушінің мүлкін пайдалануына, сатуға немесе сыйға беруге тыйым салынады. Бұл шара қарызды өндіріп алудың қосымша тетігі ретінде қарастырылады.

Оның салықтық қарызы

леп қосымша шығарту жүзеге асырылады. Тиісінше, компания қожайынының, акционерлердің үлесі азаяды. Бұл үшін салық органы ұлттық заңнамада айқындалған тәртіппен жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығарту туралы талап-арыз беріп, сотқа жүгінуі шарт.

Үшіншіден, әлгінде аталған санаттардың салық бойынша борышы 27 000 АЕК-тен (2025 жылы – 106 164 000 теңгеден) асып кетсе, онда – заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің бірінші басшысының немесе оны алмастырушы тұлғаның,

туралы ведомствоның түсініктемесінде келтірілген.

– Бұйрық жобасының мақсаты – жаңа Салық кодексінің 5-бабының 4) тармақшасын іске асыру, атап айтқанда, салықтық берешегінің шекті мөлшерін айқындау. Жоба салықтық қарыз салықтық берешектің шекті мөлшерінен асып кеткен кезде салық органының салықтық міндеттемесін қамтамасыз ету тәсілдерін және салықтық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану мақсатында ғана әзірленді, – деп түсіндірді Қаржы министрлігі. Ведомство осы арқылы

ТУРИЗМ САЛАСЫ: ТҮРЛЕНГЕН ТӨЛЕБИ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ең көп демалыс орны – Төлеби ауданында

Осы тұрғыда еліміздің оңтүстігінде орналасқан, келушілерді қашанда қонақжайлылығымен, тұмса табиғатымен баурап алатын бірден-бір мекен – Төлебидің туристік әлеуетіне айрықша тоқтала кеткен жөн. Қазіргі таңда Түркістан облысы бойынша ең көп демалыс орындары осы Төлеби ауданында. Оңтүстіктің шіліңгір шілдесінде еліміздің үшінші мегаполисі – Шымкенттің тұрғындары тауға ағылады. Шығысында Талас Алатауы, оңтүстік батыста Өгем, Қаржантау, Қазығұрт тау сілемдерінің бөктерінде орналасқан ауданның жері негізінен таулы аймақ болғандықтан жаздың күндері мұнда салқын.

Төлебиде атақ-данқы бүкіл Қазақстанға, қала берді шетелге де таралған талай нысандар бар. Тасын тұртсең тарихы сайрап қоя беретін аймақ аңызы мен ақиқаты ұштасып жатқан киелі мекендерге бай. Ғайып Ерөн Қырық Шілтен әулие шатқалы, Жылаған ата үңгірі, Көз әулие, Мың шейіт әулие, тағы да басқа қасиетті орындар сөзіміздің дәлелі.

– Төлеби ауданында 2025 жылдың бес айында жалпы өнім 53,1 млрд теңгеге жеткен. Ал ауданға туристердің келуінен өңір бюджетіне 681 млн теңге пайда түсті. Жыл соңына дейін аймақта туризм әлеуетін арттыру мақсатында 12 туристік нысан іске қосылмақ. Жобаның жалпы құны 4,2 млрд теңгені құрайды. Егер мақсат жүзеге асса, 151 адам жұмыспен қамтылмақ, – деді аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов аймақта атқарылған жұмыстар бойынша БАҚ өкілдеріне берген брифингте.

Төлеби өңірінде 2030 жылға дейінгі туризмді дамыту жоспарына сәйкес жалпы құны 78,1 млрд теңге болатын 23 жобаны іске асыру көзделіп отыр. Аудан басшысының айтуынша, алдағы уақытта «Біркөлік шатқалында» 5 нысан, «Ақ мешіт» шатқалында – 3, Қасқасуда – 2, Керегетаста – 1, Қаратөбе ауылдық округінде – 1 туристік нысан бой көтермек. Алдағы бес жылда өнеркәсіп – 2,3 есеге, ауыл шаруашылығы – 2,5, құрылыс – 1,5, сауда – 2,9, туризм саласы 3,7 есеге артпақ.

Қайтарымы мол сала

Төлеби өңірінде туризм дамығанымен, жергілікті қазынаға түсетін салық төлемдері бойынша реттелуге тиіс мәселелер де жоқ емес. Қазіргі таңда туризм саласында қызмет көрсететін Ақмешіт, Біркөлік шатқалдарында, Сайрам-Өгем, Қасқасу, Көксәйек, Төңкеріс елді мекендерінде орналасқан 254 нысан бар. Алайда аудан әкімінің айтуынша, олардың басым бөлігі ауданда салық төлеуші ретінде тіркелмейді. Қазіргі таңда осы бағыт бойынша кәсіпкерлерге түсіндіру жұмыстары атқарылууда.

Туризм – инвестицияны қажет ететін, есесіне қайтарымы да мол сала. Бұл инвестициялар өңірде туристік инфрақұрылымды дамытуға, келушілерге демалуға қолайлы жағдай жасауға, туристерге қызмет көрсететін кешендердің артуына жол ашады. Бұл ретте Төлеби өңірінің туризм саласын дамытуға әрдайым айрықша көңіл бөлінеді. Айталық, жазда Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы Нұралы Әбішевтің төрағалығымен құрылған уақытша депутаттық комиссия жұмыс сапарымен Төлеби ауданына барды. Мақсат – өңірдің туристік нысандарын аралап, қызметімен танысу.

Халық қалаулылары әуелі Біркөлік ауыл



округіндегі жаңа кешен – «Paradise Villas» демалыс орнына ат басын тіреді. Таудың тамаша бөктерінде орналасқан нысанның 2024 жылы құрылысы басталып, биыл тамыз айында қолданысқа берілген. Жақында ғана қонақтарға есігін айқара ашқан демалыс кешенінде демалушылар үшін барлық жайлы жағдай қарастырылған. Мұндағы «YA» фитнес-студиясында келушілер таңмен таласа йога және аквааэробикамен айналысып, бойына қуат пен шабыт жинай алады. Таңғы жаттығудан кейін қонақтар «Merci» мейрамханасынан тамақтанады. Қонақ үйлер жайлы асхана мен терезесінен тау келбеті көрініп тұратын ыңғайлы және жеке санитарлық тораппен жабдықталған жатын бөлме, қонақ бөлме қарастырылған. Кранынан таза бұлақ суы ағатын көрінеді. Аулада кең бассейн мен саябаққа дес бермейтін көгалды аймақтар жасалған. Әсем табиғатпен үндескен кешенді аралап шыққан халық қалаулылары кәсіпкердің жұмысына сәттілік тіледі. «Нысан бес жұлдызды қонақ үйлердің жобасы бойынша салынған екен. Барлығы ойластырылған, өте керемет жоба. Қонақтарға жоғары деңгейде қызмет көрсететін орын деп айта аламын. Өзбекстан, Қырғызстан секілді көрші елдерде туристерге осындай бес жұлдызды деңгейде қызмет көрсететін туристік орындарды көптеп кездестіресің. Біздің өңірге де осындай бір нысанның қажеттілігі сезіліп жүр еді. Елімізде мұндай кешендер көбейсе, туристердің де саны артады деген ойдамын», – дейді уақытша депутаттық комиссия мүшесі Жамшидбек Туламетов.

Аталған жобаның құны 150 миллион теңгені құрайды. Жаңа нысан ауданның туризм саласының дамуына өз үлесін қосып, қонақтардың санын еселей түседі деген сенім бар.

Өңірдегі жаңа бағыт – ГЛЭМПИНГ

Төлеби өңірінде туризмнің жаңа бағыты – глэмпинг те дамып келеді. Мәслихаттың депутаттық комиссиясы табиғаты сұлу Сайрамсу шатқалындағы Сайрам-Өгем ұлттық табиғи паркі аумағында орналасқан «Vivoood Тау» демалыс кешеніне барып, глэмпингтің ерекшеліктерімен таныса білді. Бұл Түркістан облысындағы ең биік демалыс аймағы екен, ол теңіз деңгейінен 2000 метр биіктікте орналасқан. 2022 жылы іске қосылған кешенде 3 глэмпинг, 17 вагон үй және 3 киіз үй туристерге қызмет көрсетеді. Ерекше жобаның құны 200 миллион теңгені құрайды. 2023 жылы

мемлекеттік қолдау шарасына құжат тапсырып, комиссияның оң қорытындысын алған. Өткен жылы мемлекеттен 20 миллион теңге қаржылай қолдау берілген. Мұнда биылдың өзінде 110 мыңға жуық турист арнайы келген.

Глэмпинг – табиғат аясына шығып, жайлы түрде демалу деген сөз. Соңғы кездері сәнге айналған «глэмпинг» (glamping) термині ағылшын тіліндегі «glamorous» және «camping» сөздерінен құрылған. Сөзбе-сөз аудармасы – гламур кэмпинг, яғни табиғат аясында, бірақ барлық жайлы жағдай жасалған демалыс түрі. Қазір дүниежүзі бойынша туристер тарапынан глэмпингтерге сұраныс артып, танымал бола бастады. Глэмпингті жабайы табиғаттың тыныштығы мен әсемдігінен ләззат алғысы келетін, алайда демалыс кезіндегі тұрмыстық тауқыметтерді өз мойнына алғысы келмейтіндер таңдайды. Глэмпингті ұнататындардың көбісі осы Төлеби ауданына ағылады. Себебі соңғы жылдары тау мен тасты аралауды құп көретіндер үшін мұнда туристерге ыңғайлы, глэмпингтік демалыс орындары көптеп ашылууда.

Тұмса табиғатымен танылған өлкеде орын тепкен бұл нысанда келушілерге атпен аралау қызметі де ұсынылады. Садақ атуды ұнататындар үшін арнайы орындар ұйымдастырылған.

нысандарын аралап, қызметімен танысатын болады.

Туристік сала – үнемі жетілдіруді талап ететін бағыт. Сондықтан, заман талабына сай демалыс нысандарының сыртқы архитектуралық көрінісіне де мән берілмек. Сонымен қатар көпшілік демалатын орын болғандықтан қауіпсіздік шараларына баса мән берілуі тиіс. Мәселен, аудандағы демалыс орындарының қауіпсіздік мәселесі көңіл көншітпейді екен. Айталық бассейндерде құтқарушылар жоқ. Бұл, әсіресе, балалардың қауіпсіздігі үшін аса маңызды. Сондықтан әр демалыс аймағында құтқарушылар болғаны дұрыс. Сондай-ақ демалушыларға оқыс жағдай орын алғанда, денсаулығы сыр бергенде медициналық алғашқы көмек көрсету үшін барлық жағдайлар жасалуы тиіс. Осы секілді ұсыныстар ескеріліп, жүзеге асырылса, демалыс аймақтары қонақтар үшін жайлы ғана емес қауіпсіз болары анық. Осы орайда аудан басшысы туристік нысандарда сервистік қызмет көрсету сапасын арттыру керектігін баса айтты. Себебі қонақтарға қызмет көрсету сапасы артса, бұл өз кезегінде жалпы туризмнің дамуына оң ықпал ететіні сөзсіз.

Төлеби өңірінде балалар туризміне де көңіл бөлініп келеді. Тоғыз ай білім нәрімен сусындап, жадыраған жазға жеткен оқушыларды қызыққа толы демалыс лагерьлері құшақ жая қарсы алады. Биыл жаз маусымы бастала салысымен осындай ауданның табиғаты көркем тау бөктерінде балаларға арналған жаңа модульді жазғы лагерь өз есігін айқара ашты. Бұл – тек демалыс орны ғана емес, өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, оларды отансүйіштікке, елжандылыққа тәрбиелеуге бағытталған бірегей жоба. «Төлеби нұры» атты жаңа лагерьдің басты ерекшелігі – оның тәрбиелік бағыты. Мұнда балалар қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық ойындарын, мәдени мұрасын тануға мүмкіндік алады. Арнайы бағдарлама бойынша этнотанымдық сабақтар, шеберлік сағаттары, рухани-танымдық кездесулер мен шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл – ұрпақ сабақтастығын жалғап, жастардың ұлттық болмысын қалыптастыруға сеп болмақ.

Лагерьде заманауи талаптарға сай жабдықталған жаңа 14 модульді корпус жұмыс істейді. Бұл корпус балалардың жайлы әрі қауіпсіз жағдайда демалуына барлық мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, лагерь табиғат аясында орналасуының нәтижесінде экологиялық тәрбиелеу мен салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыттарын да қамтиды. Балалар үшін тау жорықтары, экскурсиялар, құзға өрмелеу, спорттық жарыстар мен туристік бағыттағы танымдық экспедициялар қарастырылған.



Туристерге таза ауада дәмді ас ұсынылады немесе кәуапты өз қалауыңыз бойынша әзірлеуге де барлық жағдай жасалған. Демалыс орнында заманауи үлгідегі үйшіктер бар. Олар тауға қарама-қарсы, әдемі табиғатымен ерекшеленеді. Барлық бөлмеде жуынатын орын қарастырылған. Жазда салқындатқыш, қыста жылытқыш жұмыс істейді. Демалушылар үшін ыстық монша да қашанда әзір тұрады. Туристік нысан қонақтарға жылдың 4 мезгілінде де қызмет етеді.

– Облыстың туризм саласының негізгі 3 бағыты қалыптасқан. Олар: тарихи-танымдық, экологиялық және емдік-сауықтыру бағыттары. Төлеби ауданына келуші туристер аталған 3 бағытта да демала алады. Әйтсе де мұнда ең жақсы дамығаны – экологиялық туризм. Себебі аудан табиғаты, орналасқан аумағы тау, шатқалдарға өте бай. Жалпы туристердің келу көрсеткіші жағынан өткен жылмен салыстырғанда екі есе өсім бар, – дейді облыстық туризм басқармасының басшысы.

Сервистік қызметтің сапасын арттыру өзекті

Аралау барысында кәсіпкерлерді толғандыратын мәселелер назарға алынды. Комиссия мемлекет тарапынан қолдау шараларын қарастыруды міндетіне алды. Уақытша депутаттық комиссия өңірдегі өзге де туризм

Ерекше балаларға арналған лагерь ашылды

Төлеби ауданында мұнан бөлек жақын-да тағы бір ерекше балалар лагері ашылды. Оның ерекшелігі – жыл он екі ай балаларға қызмет көрсетпек. Бұл Президенттің тапсырмасына сәйкес балаларға бағытталған жыл бойғы лагерьлер идеясы аясында қолға алынды. Облыс әкімінің тікелей қолдауымен жүзеге асқан – Тасарық ауылдық округіндегі «Алатау» оқу-сауықтыру лагері – әлеуметтік қорғау жүйесінен босаған ғимараттың облыстық білім басқармасының теңгеріміне өтіп, демалыс аймағына айналды. Ағымдағы жөндеу жүргізіліп, балаларға есігін айқара ашты. Мұнда жыл бойы 5 мыңдай оқушының демалып, білім алуына мүмкіндік бар. Толық заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған. Қауіпсіздік талаптарына толығымен сай келеді.

Лагерьде бір мезгілде 300-ге жуық бала тыныға алады. Балалар үшін ыңғайлы жатын орындар, кең асхана, барлық санитарлық талаптарға жауап беретін ғимараттар қарастырылған. Сонымен қатар балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған үйірмелер жұмыс істейді. Сурет салу, ән айту, би билеу, көлөнер секілді түрлі бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылған. Одан бөлек спорттық үйірмелер де қарастырылған. Футбол, волейбол, үстел теннисі, шахмат және басқа да ойын түрлері балалардың қызығушылығын арттыратыны анық.

Айнұр ОҢҒАРБАЙ



Бүгінгі заманның басты үрдісі – цифрландыру. Ақпараттық технологиялар осы күні күнделікті өмірімізге терең еніп, қоғамдық қызметтен бастап бизнес пен білімге дейінгі салалардың даму қарқынын айқындап отыр. Қазақстанда Мемлекет басшысының тапсырмасымен өңірлерде IT хабтар ашылып, инновациялық жобаларға серпін беріліп жатыр. Солардың бірі – Shymkent IT Hub. Бұл орталық бүгінде талантты жастардың басын қосып, жаңа идеялардың жүзеге асуына мүмкіндік беретін алаңға айналған.

ТЫҢ ИДЕЯЛАР МЕКЕНІ

Shymkent IT Hub 2023 жылдың тамыз айында қала әкімдігінің қолдауымен ресми түрде ашылды. Содан бері өңірдің цифрландыру кеңістігінде өзіндік орны бар инновациялық ортаға айналды. Мұнда студенттер мен жас мамандар шығармашылық идеяларын жетілдіріп, стартап жобаларын жүзеге асырып келеді. Мәселен, Мирас колледжнің 2-курс студенті Хадиса Зұлпыхарова қысқа уақыттың ішінде киноафиша дизайнын жасап үйреніп, енді стартап жобаларға қатысуға бел буып отыр. Бұл хабтың жастарға жаңа мүмкіндіктер сыйлап отырғанының нақты көрінісі.

Хаб ішінде стартаптарға арналған инкубациялық бағдарламалар, онлайн курстар, коворкинг орындары, жиналыс бөлмелері қарастырылған. Қала тұрғындары да өз идеяларын дамытуға еркін қатыса алады. Өңірлік менеджер Тимур Қозықеевтің айтуынша, технопарктің басты мақсаты Шымкентте IT экокүйесін қалыптастыруға негізделген.

Былтыр шаһардағы хаб үшін жемісті жыл болды. Осы уақыт аралығында 72 іс-шара ұйымдастырылып, екі хакатон мен бірнеше форум өтті. Қаладағы жоғары оқу орындарымен келісім негізінде 20-дан астам студент өндірістік тәжірибеден өтті. Сонымен қатар тұрғындарға арналған 200-ден астам білім



беру курсы ашылып, жасанды интеллект негіздерін үйрететін арнайы бағдарлама іске қосылды.

Орталықтың маңызды жетістіктерінің бірі – еліміздегі ең ірі Decentrathon 2.0 хакатонының өткізілуі болды. Бұл додаға IT саласына қызығушылық танытқан 2000-нан астам қатысушы тіркеліп, соның ішінде Шымкент өңірінен 80 жас пен 29 команда бақ сынады. Жарыс төрт негізгі бағытты қамтыған. Атап айтсақ, жасанды интеллект, блокчейн, ойын индустриясы және телеграм шағын қосымшалары. Хакатон жас мамандардың кәсіби тәжірибесін шыңдап қана қоймай, жастардың идеяларын жүзеге асыруға зор серпін берді.

Жалпы, IT саласын насихаттау мен дамытуға бағытталған фо-

румдар, конференциялар және республикалық деңгейдегі шаралар жастар арасында айрықша қызығушылық туғызды. Қазір орталықта түрлі бағыттағы бағдарлама жүзеге асырылып келеді. Апта сайын қала тұрғындары мен студенттерге арналған шеберлік сағаттары өткізіліп, онда жасанды интеллект, веб-дизайн, үшөлшемді модельдеу және басқа да тақырыптар қамтылады. Сонымен қатар хаб базасында стартап жобаларды құру жолдарын үйрететін арнайы білім беру

жұмсалады. Нәтижесінде 18 жастан асқан кез келген азамат алты ай ішінде заманауи IT дағдыларын меңгеріп, толыққанды маман болып шыға алады.

Шымкент қаласына бұл бағдарламамен 123 ваучер бөлінген. Қазір орталықта 18 бен 35 жас аралығындағы жастар білім алып жатыр. Курсқа қатысу үшін алдымен іріктеу кезеңінен өту қажет. Оқу форматы ыңғайлы әрі қолжетімді. Мәселен, оффлайн сабақтармен қатар онлайн түрде де білім алып, арнайы сертификат иеленуге жол ашылған. Мұндай бағдарлама өңірдегі IT мамандардың санын арттырып қана қоймай, жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған маңызды бастама болғаны анық.

Бүгінде өңірлік хабта 18 бен 35 жас аралығындағы он беске жуық шәкірт білімін жетілдіріп жатыр. Өтінімдер негізінен жаз айларында қабылданады әрі ең көп гранттың Шымкент қаласына бөлінуі де өңірдің IT саласын дамытуға деген ерекше назарды аңғартады. Сонымен бірге, гибридіті нұсқада оқып, онлайн форматта сертификат алуға мүмкіндік бар. Бүгінде қалада бес бірдей IT мектебі осы мемлекеттік бағдарлама аясында жұмыс істеп отыр. Өңірлік менеджердің мәліметіне сүйенсек, былтыр екі жүзден астам адам онлайн курстар өтіп, жасанды интеллект бағытында 150-ге жуық азамат арнайы дәріс алған.

Алдағы уақытқа да жоспар ауқымды екен. Биыл жоба менеджерлері мен басқарушыларға арналған арнайы клуб ашу көзделіп отыр. Сондай-ақ қыз-келіншектерге жеке стартап жобаларын құруға көмектесетін бастамалар қолға алынбақ.

IT хабтың өңірлік менеджері Тимур Қозықеев – Шымкент қаласының тумасы. Бұған дейін Алматыда түрлі IT жобаларда еңбек еткен ол енді туған қаласында осы саланың дамуына үлес қосуды көздеп отыр. Қазір Шымкентте «Төлем», алақан биометриясы, «Қазтрекер» сияқты жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Ауыл шаруашылығын оңтайландыру бағытындағы «Қазтрекер» жобасы да дәл осы хабтың ғимаратында дамып келеді. Бұл цифрлық шешімдердің тек қалалық деңгейде ғана емес, ауылдық салада да маңызды екенін көрсетеді.

Жастардың белсенділігін арттыру мақсатында былтыр қараша айында Цифрландыру күніне орай бірқатар ауқымды іс-шара ұйымдастырылды. 7 қарашада Жастар ресурстық орталығында «Shymkent HUB – мүмкіндіктер алаңы» атты форум өтсе, келесі күні «Shymkent HUB» ғимаратында «Цифрлық драйвер» форумы жалғасын тапты. Бұл басқосуларға қатысқан жастардың қызығушылығы жоғары болғаны бірден байқалды. Қалалық цифрландыру басқармасының басшысы Мұхит Кемеловтің айтуынша, форумдардың басты мақсаты IT саласын дамытуға серпін беру, оны кеңінен насихаттау және жастардың мүмкіндіктерін арттыру еді. Бұл цифрландырудың бүгінгі экономиканың түрлі саласына, әлеуметтік өмірге және тұрмыстық қажеттіліктерге дендеп енгенін атап өтті. Расында да, құжат айналымынан бастап ірі бизнес процестерге дейінгі барлық бағытта автоматтандыруды енгізу – уақыт талабы.

Жалпы алғанда, IT саласы мен цифрлық технологиялардың дамуына дарынды жастардың қосар үлесі ерекше. Сол себептен оларға жағдай жасау аса маңызды. Өңірлік хабтың құрылуы да осы мақсатқа негізделген. Мұнда әрбір қала тұрғыны өз мүмкіндігін байқап, жаңа жобасын жүзеге асыра алады. Ал коворкинг алаңдары мен түрлі жастардың ашық болуы кез келген азаматқа қолжетімді мүмкіндік. Қазір әрекет ететін уақыт келді. Хаба келіп, білімін жетілдіріп, жаңа бастамаларды қолға алуға әрбір жас дайын болуға тиіс. Өйткені цифрландыру болашақтың кепілі ғана емес, бүгінгі күннің нақты талабына айналғанын түсінетін уақыт келді.

Жадыра ТҰРСЫНӘЛІҚЫЗЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ



КРЕАТИВ ПЕН ИННОВАЦИЯ ТОҒЫСҚАН ҚАЛА

Шымкент шаһары соңғы жылдары инновация мен цифрлық шешімдердің орталығына айналып келеді. Әсіресе түрлі стартап жоба мен IT бастама қарқынды дамып, тұрғындар үшін қолжетімді әрі тиімді қызметтер ұсына бастады. Қаладағы «Төлем» төлем жүйесі, алақан биометриясына негізделген «Алақан» жобасы, ауыл шаруашылығын оңтайландыруға бағытталған QazTracker сынды заманауи шешімдер бүгінде кең қолданысқа ие болып отыр. Мұндай табысты бастамалардың барлығы жергілікті жас мамандардың тың идеялары мен батыл ізденістерінің жемісі.

«Shymkent HUB – мүмкіндіктер алаңы» форумында да бұл үрдістің айқын көрінісі байқалды. Жастар өздерінің ерекше идеяларын ортаға салып, көпшілікке стартаптарын таныстырды. Әр жобаның астарында тың ізденіс, жаңа көзқарас және болашаққа деген сенім жатқаны аңғарылды. Әсіресе, қоғамның нақты қажеттілігін шешуге бағытталған бастамалар көпшіліктің көңілінен шықты.

Қазір Шымкентте IT саласына қызығушылық танытатын әрбір тұрғын үшін мүмкіндік ашық. Шаһарда цифрландырудың кешенді бағдарламасы жүзеге асырылған. Мәселен, жол қозғалысын басқару жүйесі жетілдіріліп, автожолдардың сапасын қадағалау автоматтандырылып келеді. Қаладағы жасыл аймақтар цифрлық есепке алынған, электронды үкімет қызметтері дамып, мобильді байланыс сапасы артты. Сонымен бірге талшықты оптика желісі кеңейтіліп, әлеуметтік салаларды қамтитын түрлі заманауи жүйелер енгізіліп жатыр. Мұның бәрі бір ғана бағытты, яғни, қоғамның күнделікті өмірін жеңілдетуді, тұрғындарға сапалы әрі жылдам қызмет көрсетуді көздейді.

Бәсекелестік заманы әр азаматтан тек идея ұсынып қана қоймай, оны жүзеге асыра алуды талап етеді. Осы тұрғыда Шымкенттің жас IT мамандары креативті ойларын іске асырып, өз жобаларын нақты компанияға айналдыруға күш салып жүр. Қазірдің өзінде табысқа жеткен мысалдар аз емес. Мәселен, «Төлем» компаниясы білім беру саласындағы интеграциялық жобасымен кең танылып үлгерсе, «Алақан» биометриялық жүйесі тұрғындардың күнделікті қолданысына енгізіліп жатыр. Ал QazTracker жобасы ауыл шаруашылығындағы процестерді оңтайландырып, фермер-

лердің жұмысын жеңілдетіп отыр. Бұл бастамалардың барлығы Шымкент IT Hub алаңында дамып, кеңейіп келеді.

Технопаркте қазірдің өзінде оннан астам әлеуетті стартап жоба іске асырылып жатыр. Олар әлеуметтік бағыттан бастап, денсаулық сақтау, білім, көлік, сауда, ауыл шаруашылығы сияқты түрлі салаларды қамтиды. Әрқайсысы заман талабына сай тың шешім ұсынып, қоғам үшін пайдалы өнімге айналуға ұмтылып келеді. Бұл үрдіс болашақта қала экономикасын дамытуға да айтарлықтай ықпал ететін сөзсіз.

Шымкент бүгінде тек дәстүрлі өнеркәсіп пен сауданы емес, сонымен қатар инновация мен стартаптардың да қаласына айналып келеді. Мұндағы қарқынды тың идеялары мен талпыныстары шаһарды цифрландыру жолында алға жетелеп, бүкіл өңірге жаңа леп әкеле бастады.

Шымкент IT Hub қабырғасында алуан түрлі бағыттағы стартаптар қанат жайып келеді. Олардың ішінде ауыл шаруашылығынан бастап медицина, сауда мен қызмет көрсету салаларына дейін қамтитын жобалар бар. Мәселен, QazTracker – ірі қара мен жылқының денсаулығын қашықтан талдауға мүмкіндік беретін жүйе. Бұл жоба ауыл шаруашылығы саласын айтарлықтай оңтайландырады. Малдың жағдайын бақылап отыруға көмектесетін бұл құралға шаруалар да, инвесторлар да үлкен қызығушылық танытып отыр. Қазірдің өзінде жобаға жеке қаржы салынған, алдағы уақытта мал сатып алуға арналған қаржылық платформа да іске қосылмақ. Сол сияқты Florax жобасы – гүл бизнесіне арналған заманауи ERP жүйесі. Жасанды интеллект негізінде жасалған бағдарлама тұрғындарға кең таңдау ұсынып қана қоймай, гүл бағасын ав-



томатты түрде есептейді. Флористердің жұмысын жеңілдететін бұл жүйе елімізде сирек кездесетін тың бастама. Жүйе сурет арқылы гүлдің түрін, санын анықтап, бағасын шығарып береді. Тіпті гүл шоғындағы әр гүлді дәл көрсетіп, есептеп бере алады.

Көлік саласында да жаңа бастамалар бар. Drive Now жобасы – каршерингтік платформа. Оның көмегімен кез келген азамат өз көлігін жалға беріп, қосымша табыс таба алады. Ал медициналық бағыттағы PULS AI дәрігерлер үшін интеллектуалды көмекші болмақ. Бұл жүйе медициналық хаттамаларға сүйене отырып, диагноз қоюда дәлдікті арттырады, ем тағайындау барысында қателіктерді азайтады. Қажет жағдайда онлайн кеңес алуға да мүмкіндік береді. Сауда бағытындағы ZipZak платформасы да сатып алу, логистика және құжат айналымын толық автоматтандыратын шешім. Онлайн база құрып, дүкендердегі нақты тауарды дәл анықтап бере алады. Бұл жоба сауда саласындағы жұмысты әдекайда тиімді етеді.

Ал «Алақан» биометриясы – қала тұрғындарына жақсы таныс жүйелердің бірі. Қолдың алақанын сканерлеу арқылы турникстен өтуге немесе төлем жасауға болады. Қазір «Алақан рау» жобасы да әзірленіп жатыр. Осы бастамалардың барлығы жастардың жігерімен жүзеге асып келеді. Бір қызығы, стартап авторларының қатарында студенттер ғана емес, 10–11 сынып оқушылары да бар. Бұл Шымкентте IT мәдениеті қалыптасып, жаңа буынның технологиялық ойлау қабілеті артып келе жатқанын көрсетеді.

Florax сияқты жобалар креатив пен білімнің үйлесімінен туатын идеялардың жемісі. Жасанды интеллектті күнделікті тұрмыстық бизнеске енгізудің осындай мысалдары елімізде әлі де аз. Бірақ дәл осындай ізденістердің арқасында жаңа буын кәсіпкерлері елдің цифрлық даму тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырады анық.

Florax командасы бүгінде жай ғана есеп жүйесін емес, ауқымды экокүйе қалыптастыруды көздеп отыр. Бұл жүйе көтерме саудагерлерді, гүл дүкендерін және қарапайым тұтынушыларды бір ортада біріктіріп, Әрине, мұндай істің бірден қарқынды дамуы мүмкін емес, уақыт пен тәжірибе қажет. Дегенмен жобаның алғашқы нәтижелері көңіл қуантады. Қазіргі таңда Шымкенттегі оннан астам гүл дүкенімен әріптестік орнатылып, Алматы мен Астана қалаларында, басқа да өңірлерде тұтынушылар қатары күн сайын артып келеді. Команда 500 дүкенді қамтығаннан кейін халыққа арналған мобильді қосымшаны іске қоспақ. Қосымшада тұрғындар гүлді оңай таба алады, ал жасанды интеллект негізіндегі виртуалды менеджер сатып алушыға таңдауға көмектеседі. Арухан Кеңестің айтуынша, басты мақсат гүл бизнесіндегі ең күрделі процестерді автоматтандырып, сатушы мен сатып алушының уақытын үнемдеуге бағытталған. Әсіресе мереке күндері қарбалас болғанда мұндай жүйенің артықшылығы ерекше байқалмақ.

Ж. МҮСІЛІМ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

10. Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Табиғи монополиялар туралы» ҚР заңының 33-бабы 1 тармағының 1) тармақшасы және 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі №214-VIII Салық кодексінің 503-бабы негізінде ҚР ЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2025 жылғы 19 тамыздағы №978-НҚ және №979-НҚ бұйрықтарына сәйкес және 2025 жылғы 7 наурыздағы №925-НҚ бұйрығының күшінің жоюлына байланысты 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін тұтынушылардың сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне уақытша өтемдік тарифтің, суды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін төлемәқпалар мөлшерінің енгізілгені туралы тұтынушыларды хабардар етеді.

Сумен жабдықтау қызметтеріне тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтер				
Тұтынушылар топтарының атауы	2025 жылғы 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін		2026 жылғы 1 қаңтардан 30 қыркүйекке дейін	
	ҚҚС-сыз, теңге/м³	12% ҚҚС-мен, теңге/м³	ҚҚС-сыз, теңге/м³	16% ҚҚС-мен, теңге/м³
1 топ – жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына су тұтыну көлемдері және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін ұсыну кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп толтыру көлемдерінің шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық шығындар көлемдерінің шегінде жылу энергиясын берумен және таратумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар;	91,96	103,00	102,22	118,58
2 топ – өзге де тұтынушылар – бірінші және үшінші топқа кірмейтін заңды тұлғалар;	284,35	318,47	240,15	278,57
3 топ – бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар.	182,29	204,16	174,53	202,45

Алматы қаласы тұтынушыларының келесі санаттары үшін жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай тұтынушылардың кіші топтары бойынша сараланған сумен жабдықтау қызметтерінің тарифтері:

Тұтынушылар топтарының атауы	2025 жылғы 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін		2026 жылғы 1 қаңтардан 30 қыркүйекке дейін	
	ҚҚС-сыз, теңге/м³	12% ҚҚС-мен, теңге/м³	ҚҚС-сыз, теңге/м³	16% ҚҚС-мен, теңге/м³
1-кіші топ – 1 адамға шаққанда айына 3м³-ге дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар;	91,96	103,00	102,22	118,58
2-кіші топ – 1 адамға шаққанда айына 3м³-ден астам 5 м³-ге дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар;	110,36	123,60	122,66	142,29
3-кіші топ – 1 адамға шаққанда айына 5 м³-ден астам 10 м³-ге дейін реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына су тұтыну көлемі және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп толтыру көлемі шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық шығындар көлемінің шегінде жылу энергиясын берумен және таратумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар;	137,94	154,49	153,33	177,86
4-кіші топ – 1 адамға шаққанда айына 10 м³-ден астам реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын халық санатына жататын жеке тұлғалар және суды есепке алудың жеке аспаптары жоқ жеке тұлғалар.	183,92	205,99	204,44	237,15

Су бұру қызметтеріне тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтер

Тұтынушылар топтарының атауы	2025 жылғы 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін		2026 жылғы 1 қаңтардан 30 қыркүйекке дейін	
	ҚҚС-сыз, теңге/м³	12% ҚҚС-мен, теңге/м³	ҚҚС-сыз, теңге/м³	16% ҚҚС-мен, теңге/м³
1 топ – жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына су тұтыну көлемдері және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін ұсыну кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп толтыру көлемдерінің шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық шығындар көлемдерінің шегінде жылу энергиясын берумен және таратумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар;	54,30	60,82	62,31	72,28
2 топ – өзге де тұтынушылар – бірінші және үшінші топқа кірмейтін заңды тұлғалар;	144,88	162,27	125,31	145,36
3 топ – бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар.	91,47	102,45	89,49	103,81

Суды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушыларға арналған төлемақы мөлшерлері

№ р/с	Атауы	2025 жылғы 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін		2026 жылғы 1 қаңтардан 30 қыркүйекке дейін	
		айына 1 адамға теңге	ҚҚС-сыз	12% ҚҚС-мен	ҚҚС-сыз

Сумен жабдықтау қызметтеріне					
1	Көше колонкаларынан суды талдау	137,94	153,49	153,33	177,86
2	Тұрмыстық қажеттіліктер мен санитарлық-гигиеналық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін су тұтыну	2 758,80	3 089,86	3 066,60	3 557,26
3	Апатты үй-жайлары бар, ескірген деп танылған көппәтерлі тұрғын үйлер, суды есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ жалпыға ортақ пайдаланылатын орындары бар жатақханалар	987,65	1 106,17	1 097,84	1 273,49
4	Суды тұрмыстық емес пайдалану (жасыл желектерді, көгалдарды, гүлзарларды, бақшаны, тротуар ағаштарын, төсеніштерді және т.б. суару)*	1 839,20	2 059,90	2 044,40	2 371,50
Ескерту: *6 ай суару кезеңінде 1 сотығын суару алаңының айына м3 көлемі (суару кезеңі 15 сауірден 15 қазанға дейін). Бұл ретте жасыл желектерді суару уақыты сағат 23.00-ден 05.00-ге дейін рұқсат етіледі.					
Су бұру қызметтеріне					
1	Суық суды бұру	814,50	912,24	934,65	1 084,19
2	Апатты үй-жайлары бар, ескірген деп танылған көппәтерлі тұрғын үйлер, суды есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ жалпыға ортақ пайдаланылатын орындары бар жатақханалар	291,59	326,58	334,60	388,14
3	Ыстық суды бұру	171,05	191,58	196,28	227,68

Толық ақпарат кәсіпорынның ресми сайтында орналастырылған - www.almatsy.kz

ӨРТУРА

2. Алматы облысының Еңбекшіқазақ аудандық соты азаматты өлді деп жариялау туралы азаматтық іс қозғайды. Арызданушы Салтанат Қасқарова соттан Алматы облысының тумасы, 22.02.1948 жылы туылған бұрынғы жұбайы Еркін Төлебаевты Қунарбаевты өлді деп жариялауды сұрайды, өйткені соңғы 40 жыл ішінде Е.Т. Қунарбаевтың тағдыры туралы ешқандай хабар жоқ, оның соңғы тұрғылықты жері: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы.
22.02.1948 жылы туылған Еркін Төлебаевтың Қунарбаевтың қайда жүргенін, қайда тұратынын білетін тұлғалар болса, осы хабар жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде Еңбекшіқазақ ауданы, Ескі қаласы, Әбдиев көшесі, 194 мекенжайына не 8 (72775) 4-03-93; 8 (72775) 4-26-60 телефондарына хабарлассын.

4. «Lester Invest Group» ЖШС (БСН 140240023211) қатысушының шешіміне байланысты жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 502 мекенжайы бойынша қабылданады.

9. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданы білім бөлімінің Рыбкин бастауыш мектебі» КММ (БСН 020540001495) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық кенті, Гагарин көшесі, 36. Тел. 8(71441) 2-10-12.

11. «Ломбард «НАУТ CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетін хабарлайды.
Сауда-саттық 22.09.2025 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201 кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:
1-лот: Mercedes ML маркалы автокөлік, 2003 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 3,7 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 4 207 500 теңге;
2-лот: JAC JIANGHUI маркалы автокөлік, 2006 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 2,4 л, түсі – ақ, бастапқы бағасы – 1 959 375 теңге;
3-лот: Lexus LS маркалы автокөлік, 2006 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 4,6 л, түсі – сұр, бастапқы бағасы – 4 375 000 теңге.
Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201 кеңсе.
Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді 3 (үш) күн ішінде «Ломбард «НАУТ CAPITAL» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.
Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22 үй, анықтамалық телефоны: +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S000003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.

12. «Северный хлеб» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 221140042016) Солтүстік Қазақстан облысы, Фабит Мүсірепов атындағы аудан, Новошымское ауылы, Гаражная көшесі, 2В үй мекенжайында орналасқан астық қоймасының мүлік кешенін иеліктен шығару жоспарланатын отырғаны туралы хабарлайды.

15. 2025 жылғы 21 тамыздағы Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының ұйғарымымен Гостюхина Валентина Владимировнаның (мекенжайы: Шымкент қаласы, Күншығыс шағынауданы, 108А үй, 74-пәтер) 1957 жылғы 1 желтоқсанда туған, Лыков Алексей Карповичті, хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды. 1957 жылғы 1 желтоқсанда туған, Шымкент қаласының тумасы Лыков Алексей Карповичтің тұрғылықты жері туралы мәліметтері бар

адамдардан осы хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде сотқа хабарлау сұралады.

17. «Бальяна» ЖШС (БСН 060140003305) несиегерлері мен мүдделі тұлғаларға жарғылық капиталының 393 027 412 теңгеден 197 740 057 теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 73А үй.

20. Хабарландыру «Транзит» АЖ арқылы навигациялық пломбаларды пайдалана отырып ішкі тасымалдарды қадағалау жөніндегі арнайы құқыққа жатқызылған ұлттық оператордың қызметтеріне бағалар жобасын талқылауды алдағы жария тыңдау туралы

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті ұлттық оператордың арнайы құқық шеңберіндегі қызметтеріне арналған бағаларды бекіту бойынша жоспарланған қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

- 1) Тыңдауды ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тұран даңғылы, 89.
- 2) Қоғамдық тыңдау 2025 жылғы 30 қыркүйекте сағат 15:00-де ZOOM бағдарламалық қосымшасы арқылы өтеді.
- 3) Мемлекеттік монополия субъектісінің атауы: «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС.
- 4) Талқыланатын қызмет түрлері/жұмыстар: «Транзит» ақпараттық жүйесі арқылы навигациялық пломбаларды пайдалана отырып ішкі тасымалдарды бақылау бойынша қызметтер көрсету.
- 5) Ұәкілетті мемлекеттік органның байланыс деректері: ҚР ЦДИАӨМ АҒК мекенжайы: Астана қ., Тұран даңғылы, 89. <https://www.gov.kz/memleket/entities/kazcosmos> Байланыс тұлғасы: А.К. Саликов +7 7172 64 75 26;
- 6) Арнайы құқық субъектілері өкілдерінің байланыс деректері: «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС, Алматы қ., Кисловодская көшесі, 34, 050061. Тел.: +7 (727) 221-77-95, e-mail: info@istt.kz. Байланыс тұлғалары: Ешанов Ғарышбек +7 708 945 67 32. Д.О. Қоздарбекова +7 708 822 51 04

** (Қосылу сілтемесін алу бойынша сұрақтар үшін байланыс тұлғаларына хабарласыңыз).*

МҰРАГЕРЛІК

8. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна, 17.11.1998 жылы туылған, 05.06.2025 ж. қайтыс болған Жолдасбеков Дулат Омарұлының артынан мұралық іс ашылуына байланысты, осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал шағын ауданы, 1/2 үй, 20 кенсеге хабарласуын сұрайды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency Kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(707)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Тrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 53, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

ТАРАТУ

3. «Нұрдаулет-Е» ЖШС (БСН 210440016955) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққұм ауылы, Аққұм көшесі, №92 үй. Тел. 8 775 643 4163.

5. «Education and Training Solutions» ЖШС (БСН 160440034575) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Орбита-1 ықшам ауданы, 23-үй, 20-пәтер. Тел. 8 702 825 35 56.

6. «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Краснофлот ауылының бастауыш мектебі» КММ (БСН 970140003890) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Краснофлот ауылы, Мектеп көшесі, 26-құрылыс.

7. «COPENHAGEN» ЖШС (БСН 190940020559) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 89-үй, 29-пәтер.

13. «Тан-Нур-Н» ЖШС (БСН 040140008749) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Жангозин көшесі 55/1.

14. «Гаухар Нұр» ЖШС-і (БСН 011040014737) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Майлықожа көшесі, 21Б үй, индекс 160900.

16. «НҰРХАН-АСТЫҚ» ЖШС (БСН 030240006020) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Көкпекті ауылдық округі, Көкпекті ауылы, Шақар Қошкімбаев көшесі, 2А үй, 8 пәтер.

18. «Ерасыл 24» АӨК (БСН 240740009760) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 175-үй, 7 т.ғ. Тел. +7 701 161 55 55.

19. «АЛДИКОН» ЖШС (БСН 970240000413) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Майлин көшесі, 84-үй. Тел. +7 705 210 2913.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 8(7152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

Ұлдана шипажайдан өте көңілді оралды. Келген күні-ақ Саямен хабарласып, жолыққысы келетінін айтып, қиыла қолқа салды. Екеуі кешкісін кішігірім дәмханада кездескенде жас қыз өкіл әпкесін көрген бойда құшақтай алды. Жұқалтаң өңінде қызыл шырай пайда болыпты. Кеш бойы Саяға шипажайдың қызықтарын айтумен болды.

– Мен онда көптеген адамдармен таныстым. Ой, әпкетай, әлемде жақсы адамдар көп екен ғой. Солардың ықпалымен мен қатты өзгердім. Бұрынғы өмірге өкпелі, бәрінен қорқатын Ұлдана енді жоқ. Оның орнына сұлу да батыл Дана пайда болды. Енді менде бәрі басқаша болады. Мен бақытты болам, бай болам.

– Құдай қаласа, боларсың. Жаңа есімің құтты болсын! Өзгергеніңе қуаныштымын.

– Мені енді тек Дана деп атаңызшы.

– Жарайды. Атасам, атайын. Денсаулығың дұрысталды ма? – деді Сая оның өрекілген көңілін байыз таптыруға тырысқандай рай танытып, шипажайға баруының негізгі себебін еске сала.

– Ой, әрине, әрине. Денсаулығым зор. Ем алдым ғой. Білесіз бе? Денің сау болу үшін жаның сау болу керек. Ол үшін дұрыс энергия керек, мотивация керек, ақша керек.

– Мақсат керек, жоспар керек, еңбектену керек.

– Ой, менде сондай керемет жоспар бар, – деді Ұлдана «керемет» деген сөзге ерекше екіпін қоя.

– Қандай жоспар?

– Интернет арқылы сауда жасаймын.

– Ол жайлы естүім бар. Бірақ айналысқан емеспін. Интернет деген дүдәмал нәрсе ғой. Нақты адамдармен нақты шаруа жасаған дұрыс емес пе?

– Ой, әпкетай, сіз өткенғасырдың адамы сияқтысыз. Интернет деген мықты мүмкіндік қой. Қолдан келіп тұрғанда қарманып қалу керек. Мұндай оңтайлы сәт ұзаққа созылмайды.

Ұлдана бірер күннен кейін қоңырау шалып:

– Әпкетай, күшті медициналық халаттар бар. Қымбат емес. Құрбыларыңызға көрсетіңізші. Қазір фотоларың жіберем. Үстіне ақша қосып сатсаңыз да, болады, – деді өрекіп.

Амандаспайтын жағдай сұраспайтын болыпты. Ақша адамды қатты өзгертеді екен. Сая телефонына келген суреттерді бір қарап шықты. Сапасы жақсы сияқты, қымбат емес. Бір-екеуін сатып алмақ болды. Құрбыларына көрсетіп еді, оларға да ұнады.

Ұлдана Саямен жолыққанда түрі бал-бұл жанып, енді не істемек ойы барын айтып, аузы-аузына жұқпайтын. Оның айтуынша саудасы қызыл тұр. Айналымы артқан сайын жеңілдік бонустары көбейеді екен. Киімнен басқа алтын бұйымдар, ыдыс аяқ, тұрмыстық техника сатып жүргенін айтты. Саяхаттау турларын ұйымдастыруды да қолға алмақ.

– Сатылатынның бәрін сатып, ақша табу керек. Көп ақша. Өте көп ақша, – деді Ұлдана.

– Ақша қуалап жүріп, абыройдан айырылып қалма.

– Мен абыройдан баяғыда-ақ айрылғанмын. Енді жоғалтарым жоқ. Табарым бар.

– Ұлдаш, айналайын сіңлім, асық айтпа.

– Өзім білем! Ұлдаш деп атама мені! Біреулерге ұл керек болғаны үшін мен сонша жыл осыншалықты жексұрын атты жамылып жүрдім. Жетер! Енді мен Данамын.

Ол темекі алып шекті. Қою түтінді будақтатып отырып, көз алдына үйірілген жасты сілкіне сұртты де, бірнеше минуттан соң түк болмағандай сықылықтап күлді.

– Әпкетайым менің, жақсы нәрселер жайлы айтайықшы. Ой, айтпақшы, мен сізге сыйлық әкелдім. Беруді ұмытып барады екенмін ғой.

Семкесінен қып-қызыл қорапша



ҚАРМАҚШЫ

Арғы жағында біреудің шикылдай күлгені естілді.

– Біреу күліп жатыр ғой. Жаныңда кім бар? – деп сұрады Сая.

– Ешкім жоқ. Басқа үстелде отырғандар күліп жатыр. Маған күліп жатыр. Мен күлкілімін.

Байланыс шорт үзілді.

Ертеңгі күні Сая жұмыс уақыты біткенше тағаты таусылардай болып, ертерек сұранып шықты да, Ұлданың үйіне қарай тартты. Жолшыбай гүл шоғын, торт, картина алды. Күндіз бірнеше рет қоңырау шалғанда оның телефоны сөндірілі еді. Пәтер есігінің қоңырауын ұзақ басты. Есік ашылғанда шашы қобырап, өңі боп-боз болған Ұлданы көріп шошып кетті.

– Жаным-ау, саған не болған?!

Ұлдана есік жақтауына сүйенген күйі төмен сырғып бара жатты. Сая қолындағыларын еденге қоя сап, оны сүйемелдеп жатын бөлмесіне жеткізді де, төсегіне жатқызыды.

– Іш. Ішіп ал, – деді әлден соң Сая оның ауызына қасықтап айран құйып жатып.

Ұлдана тыржия бас шайқады.

– Дана, неге сонша көп іштің? – деп сұрады Сая.

– Ішіп жатқанда көп емес сияқты еді. Көңілді сияқты еді.

– Сен кеше көңілді болмадың. Кеше кешке және түнде жаныңда кім болды?

– Біреу болды. Кеше сонда таныстық. Келеді, кетеді. Пайда болады, жоқ болады. Көп қой ондайлар. Кездейсоқтар, кеудемсоқтар, уақытшалар, бөтендер, – деді Ұлдана ысылдай.

– Сөйтіп жүріп, бірдеңеге ұрынсаң, қайтесің? – деді Сая.

– Ұрынсам, тағы бір рет шекем көгерер. Бірінің артығы не, кемі не?

– Соңғысы болса ше?

– Әпкетай, мораль оқитын уақытты тапқан екенсің. Маған шынымен жаның ашыса, көп сөйлемеші.

Сая орнынан тұрып, әкелгендерін ішке алып кірді. Гүлді су құйылған ыдысқа салды, тортты тоңазытқышқа салды, картинаны жатын бөлмеге әкеліп, қабырғаға сүйеп қойды.

– Әдемі. Рақмет, – деді Ұлдана әппақ гүлдер бейнеленген картинаға мұңая қарап. – Неге өмір картинадағыдай, театрдағыдай болмайды?

– Бәрі өз қолымызда.

Ұлдана бетін жастыққа басып, солқылдап жылады. Сая жанына отырып, шашынан сипады.

– Бұл күн де өтеді. Өтпей қалған не бар? Уайымдама.

– Оңайшылықпен өтпейді-ау, – деді Ұлдана өксігін әзер басып.

– Неге олай дейсің?

– Айтсам, көмектесесіз ба? Соңғы рет көмектесіңізші, – деді жас қыз көздері ерекше ұшқын шаша. – Сіздің қолыңыздан бәрі келеді. Мені бүгін кешегідей лақтырып кетпеңізші.

– Не болды? Түсіндіріп айтсайшы. Мені қорқытпай...

– Мені бір адамдар ақшаға лақтырып кетті, – деді Ұлдана төсегіне жүрелей отырып.

алды да, ішінен алтын сырғаларды жылтыратып әкеліп, Саяның құлағына тақты. Сая дәмхана қабырғасына жапсырылған айнаға бетін бұрып, ондағы өз бейнесіне сұқтана қарады. Сырғалар ерекше әдемі екен.

– Данаш, мұның артық болды. Өзің аяғыңа тік тұрмай жатып, басқаға ақша шашқаның не? Алған жеріңе қайта өткіз де, ақшанды қайтып ал. Пәтер сатып алуды, оқуға түсуді ойласайшы.

Сая алтын көрді. Қызықты. Бірақ туа бітті мінезіне сап, тегін батпан құйрықтан бас тартты, жолдан таймайтындығын білдірді. Құлақтары ауырлап кеткендей. Сырғаларды шешпек болды.

– Жоқ, жоқ, жоқ! Шешпеңіз! Әдемі құлаққа әдемі сырға керек. Сіз маған көп көмектестіңіз. Сіз болмағанда мен қазір қайда жүрер едім? Енді үйіңізге үлкен, әдемі айна сатып әперем. Адам құлағына ілінгенді басқаның көмегіңіз көре алмайды, – деді Ұлдана сиқырлана жымылып.

– Сен өзгеріпсің.

– Өзгеріпін бе? Бәлкім, өзгермеген шығармын. Ішімдегі бұрыннан бері бар қасиеттерім ашылып жатқан болар. Мәрт Құдай маған көптеген қасиет пен мүмкіндік берді. Соларды пайдаланып қалайын. Шың басына қалықтап жететін қыран бола алмаспын. Жылан секілді жорғалап жетсем, несі айып?

– Әйтеуір, шошандап жүріп, шоқ баспасаң, болғаны. Мен сенің тілекшіңмін ғой.

– Әпкетайым менің, айналып кетейін сізден! Ал, енді сәттілік үшін алып қояйық! Біз өзіміздің кім екенімізді бәріне көрсетеміз! Біз өте бақытты боламыз! Біз өте бай боламыз!

Бокалдар сыңғыр қақты. Қызғылт шарап көбіктене сыр айналды.

– Әпкетай, жұмысыңыз бітті ме? Дәмханада күтіп отырмын. Келіңіз. Тойлатайық! – деді бір күні Ұлдана Саяға телефон соғып.

– Мен құрбыммен бірге театрға бармақпын. Қаласаң, сонда жолығайық.

– Ой, театр... Оның несі қызық? Іш пыстыратын түсініксіз бірдеңе.

– Театр – үлкен мәдениет ордасы. Бүгін онда премьера болады. Кел. Саған ұнайды.

– Бармаймын.

Түнде Сая телефонның безілдей шырылдағанынан шошып ояңды. Жалма-жан құрылғыны қолына алып, бетіне үңілді. Қоңырау шалған Ұлдана екен. Жас қыздың дауысы құмыға шықты.

– Мен ешкімге керек емеспін. Менің қуанышымды ешкім бөліскісі келмейді. Туған күніммен ешкім құттықтамайды. Бір өзім тойлап отырмын.

– Білмедім ғой. Соңғы кезде сенің тойың көбейіп кетті ғой. Сондайдың бірі болар деп ойладым мен.

– Қазір кел! Мен жиырма беске күнде толып жатқан жоқ.

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@zangazet.kz

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5990 дана
Апталық таралым 11980 дана

Тапсырыс №135 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

ақша берсең, мәселенді шешіп берем» деді. Менде ондай ақша жоқ. Құжатым болмағандықтан банктен несие де ала алмаймын, – деді Ұлдана күлмелі.

– Жеті миллион? Не үшін бересің сен оған ондай ақшаны? Сен күдікті емес, жәбірленушісің. Бұралаң жолды емес, тура жолды тандасайшы, – деді Сая ашуланып.

– Енді не істе дейсің маған?! Ақыл айту оңай, ә?! Саған күн сайын әркім телефон соғып, қорқытып, қарғап-сілеп жатқан жоқ. Мені өлтіріп кетсе ше?

– Телефон нөміріңді ауыстыр. Басқа жерге көшіп кет.

– Нөмірімді ауыстыра алмаймын. Ол көп нәрсеге байланып тұр. Клиенттерімді жоғалтып алам. Туратын пәтерім маған ұнайды. Оны да ауыстырғым келмейді.

– Ақымақ қыз-ай, өлгің келмесе, ауыстырасың.

– Әпкетайым менің, көмектесіп жіберіңізші! Жеті миллион тауып берсеңіз, бұдан құтыламыз. Ол ақшаны мен сізге бір-екі айдың ішінде тауып берем.

– Сен жынды болған шығарсың. Жеті миллионды қайдан тауып берем? Мен бар болғаны мейірбикемін. Алатын айлығым жүз елу мың теңге, – деді Сая Ұлданың қолдарын итермелей.

– Әпкетайым менің, алтын әпкетайым, банктен несиеге ақша алып беріңізші. Құтқарыңызшы мені!

Бір күннен соң олар Жанайдармен сөйлесуге барды. Капитан басқарма ғимараты жанында аула сыртында тұр екен.

– Мен әрдайым осындай істермен шұғылданам. Қаншасын шешіп бердім. Бірдеңе бола қалса, бәрі менімен хабарласып, көмек сұрайды, – деді ол.

– Кабинетіңізге кіріп сөйлесейік, – деді Сая дауысын қатайтып.

– Анау жерде жақсы дәмхана бар. Сонда барып сөйлесеміз. Кабинетімді жөндегіп жатырмын. Бастық өз кабинетін жөндеуге көмектесуімді сұранған еді. Бір бригаданы жалдап, бастық кабинетінің қабырғасын, еденін, терезесін ауыстыртым. Менің кабинетімді тегінге жөндеп жатыр. Бай клиент тауып бергенім үшін бонус, – деді Жанайдар жымындап, полиция басқармасы ғимаратынан ұзап бара жатқанда.

– Сіз форма киіп жүрмейсіз бе? – деп сұрады Сая дәмханаға кіріп, үстел басына жайғасқасын.

– Мынадай аптапта формамен жүрсең, пісіп қаласың ғой. Оның үстіне бастықтың оң қолы болғасын мен еркін жүрем.

– Қызметтік куәлігіңізді көруге бола ма?

– Сен қыз кімді ертіп келгенсің? – деді Жанайдар Ұлданаға зілдене қарады. Сосын Саяға басын бұрды. – Менің куәлігімді тексеруге сіздің хақыңыз жоқ.

– Жәке, Жәкетай, кешіріңізші бізді. Ренжімеңізші. Әпкетайым артық кетті, – деді Ұлдана.

– Сіз мәселені қалай шешпексіз? – деп сұрады Сая.

– Алданған – он бес адам. Соның ішінде біреуі үш жарым миллион теңгесінен, екіншісі бес миллион екі жүз мың теңгесінен айырылған. Полицияға арыз жазған сол екеуі. Мен олармен хабарласам да, «ол қыз әрқайсысына екі миллион теңгеден береді. Оған келіспесендер, арыздарың сотта қаралады. Сот қанша жылда төлеп береді деп шешім шығарса, қарызды қайтару сонша уақытқа созылады. Ай сайын он-жиырма мыңнан алып отырсыңдар» деп айтам. Қалған он үш адамның ішінде белсенділер табылып жатса, оларға да аздап ақша беріп қою керек. Мұндай жағдайда көбі тек қарғап-сілеумен шектеледі. Ондайларға ақша бермесек те, болады.

– Төрт миллион арыз жазған екеуіне, қалғандарына тағы екі миллион кетсін делік. Қалған бір миллион кімге бұйырмақ? – деп сұрады Сая.

Болай ТҰРҒЫНБЕКҚЫЗЫ
(Жалғасы бар)